

**Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы**

13 наурыз 2024 жыл

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Құқықтық сауаттылық
2. Өзінді өзің тәрбиелеу жолы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Жұлдыбаева С.У. сөз алды.

Тыңдалды:

Құқықтық сауаттылық қазір әрбір азаматқа керек. Ол заман талабы. Адам өз құқығын және оның шегін жақсы білуі қажет. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны жөн.

Құқықтар мен міндеттерді білмеу адамның өзі үшін де, қоғам үшін де көптеген теріс салдарға әкеледі. Құқықтық мәдениеті жоқ адам оңай айла-шарғы жасау, алдау объектісіне айналады, бейсаналық түрде заңсыз әрекеттер жасайды

Педагогтардың құқықтары, көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары мен негізгі принциптерін сақтауы туралы айтылды. Педагог өзінің еңбек тәртібін бұлжытпай орындауы, ұйым мүлкіне ұқыпты қарап, білім сапасын көтеру үшін пайдалануы, қызметтік ақпаратты жеке немесе пайдакүнемдікке жол бермеуі, қызметтік міндеттерін бұлжытпай орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісін ұстануы және академиялық принциптерін мүлтіксіз сақтау қажеттілігі туралы айтылды. Іс - шара соңында педагог өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысу қажеттілігі қатаң ескертілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес Жауымбаева А.У. сөз алды.

Тыңдалды:

Өзін-өзі тәрбиелеу - адамның өзінің оң қасиеттерін жетілдіру және теріс қасиеттерін жою жөніндегі саналы және мақсатты іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу басты шарты - өзі туралы шын білімнің, дұрыс өзін-өзі бағалаудың, өзін-өзі түсінудің, анық ұғынатын мақсаттардың, мұраттардың, тұлғалық мән мағыналардың болуы

Өзін — өзі тәрбиелеу туралы, оның тәсілдері туралы түсінік. Адамның өмірдегі орнын өзі белгілеу мәдениеті тәрбие мазмұнының маңызды бөлігі болып саналады. Адамның өмірдегі өз орнын өзі белгілеу мәдениеті оны жеке өмірінің және жеке бакытының жауапты субъектісі ретінде сипаттайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу — адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие процессінің құрамды бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады.

Тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу бір педагогикалық өрісте орналасып, тұлғаны қалыптастыру деген тұл-ас процесстің екі жағы болып саналады. Әр-бір педагог тек

тәрбиенің заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін жақсы түсінуі керек.

Кеңес шешімі:

1. МТББО педагогтарының құқықтық сауаттылықтарын арттыру жұмыстарын жүргізу.
2. Педагогтер өзін-өзі тәрбиелеп, дамыту, қарым-қатынас жасауда әдеп сақтау.

Кеңес төрайымы:



Жулдыбаева С.У.

Хатшы:



Дуйсенова А.Е.